

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ  
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
«ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА БІЛІМ  
БЕРУДІ ДАМУДЫҢ  
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ»  
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ  
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ  
«УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР  
РАЗВИТИЯ ОБРАЗОВАНИЯ  
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ»  
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ  
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

## БҰЙРЫҚ

30.03.2026

Қарағанды қаласы

## ПРИКАЗ

№ 77

город Караганда

### Озық педагогикалық тәжірибені тарату және енгізу туралы

Қарағанды облысы педагогтерінің үздік инновациялық тәжірибелерін білім беру үдерісіне енгізу мақсатында «Педагогтерді аттестаттауды өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығы негізінде (жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту Министрінің 02.04.2024 №72 «Педагогтерді аттестаттауды өткізу қағидалары мен шарттары» бұйрығымен) **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК облыстық сараптамалық және ғылыми-әдістемелік кеңестерінде әдістемелік өнімді (авторлық материалдарды) бекіткен педагогтердің озық тәжірибесін тарату кестесі бекітілсін (1,2-қосымша);

2. Педагогтің тәжірибесін тарату қорытындысы бойынша оқу-әдістемелік орталыққа мынадай растайтын құжаттар ұсынылсын: инновациялық педагогикалық тәжірибені енгізу туралы актілер, аудандық/қалалық білім бөлімдерінің басшылары бекіткен іс-шаралар бағдарламаларының көшірмелері, фото -, видео материалдар;

3. Аудандық/қалалық әдістемелік кабинеттердің меңгерушілері озық педагогикалық тәжірибені тарататын педагогтерге ұйымдастырушылық-әдістемелік сүйемелдеу көрсетсін (өткізу орны, іс-шараға қатысушылар, қажетті техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, Интернетке қол жеткізу және басқаларын педагогтің сұрауы бойынша);

4. Бұйрықтың орындалуын бақылау білім беру мазмұнын талдау және стратегиялық дамыту бөлімінің басшысы А.Мухамедьяроваға жүктелсін.

Басшы

Орын. Мухамедьярова А.З.  
8 700 407 6708



Б.Абдикерова

001950

